


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ / МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО  
ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ АРҚАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ / АРҚАЛЫКСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ИНСТИТУТ  
ИМЕНИ И.АЛТЫНСАРИНА



Ғылыми кеңес шешімімен БЕКІТІЛДІ /  
УТВЕРЖДЕНО по решению ученого совета  
Хаттама / Протокол № 10 «19» 01 2024 ж. / г.

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ / ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА**  
**6B01513 – «Информатика, ақпараттық – коммуникациялық технологиялар және робототехника» / Информатика,  
информационно-коммуникационные технологии и робототехника**

Қабылдау жылы / Год приема: 2024

Арқалық, 2024 ж.

Жаратылыстану және ақпараттандыру факультеті

6B01513 – Информатика, ақпараттық – коммуникациялық технологиялар және робототехника білім беру бағдарламасы

ББ түрі: жаңа

Құрастырғандар:

Байзакова С.С. – информатика, ақпараттық – коммуникациялық технологиялар және робототехника білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, магистр

Ажибекова П.С. – информатика, ақпараттық – коммуникациялық технологиялар және робототехника білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, магистр

Құдайберген Б. – информатика, ақпараттық – коммуникациялық технологиялар және робототехника мамандығының 4 курс студенті

Сарапшы:

Жумагалиева Г.С. – Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің №3 Б.Майлин атындағы жалпы білім беретін мектебі, информатика пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы

Білім беру бағдарламасы мәжілісінде ұсынылды

Хаттама 3 « 06 » 01 2024 ж.

Білім беру бағдарламасының жетекшісі



Байзакова С.С.

Факультет кеңесінің мәжілісінде мақұлданды

Хаттама 6 « 10 » 01 2024 ж.

Факультет кеңесінің төрағасы




Ескермесұлы Ә.

Институттың академиялық кеңесінде қаралды

Хаттама 6 « 07 » 02 2024 ж.

Академиялық кеңес төрайымы



Жумабаева С.Б.

## 1 ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

**Бағдарлама циклы:** Бірінші цикл: бакалавриат, ҰБШ / СБШ 6 деңгейі

**Тағайындалатын дәреже:** Бакалавр

**Несиелердің жалпы көлемі:** 240 ECTS

**Оқу мерзімі:** 4 жыл

### 1.1 Жалпы ережелер

6B01513 – «Информатика, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және робототехника» білім беру бағдарламасы жоғары білім МЖМБС, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышына, ұлттық біліктілік шеңберіне, салалық біліктілік шеңберіне, «Педагог» кәсіби стандартына, Дублин дескрипторларына сәйкес әзірленген.

Білім алушыларды білім бағдарламасына қабылдаудың талаптары жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларымен анықталған.

Білім беру бағдарламасына түсетін үміткерлер ұлттық бірыңғай тестілеуден (ҰБТ) өтеді.

Білім беру бағдарламасына түскен соң студент қосымша траектория таңдау мүмкіндігіне ие болады.

Білімін 7M0..... бағыты бойынша магистратурада одан әрі жалғастыру мүмкіндігі бар.

### 1.2 Білім беру бағдарламасының мақсаты

6B01513 – «Информатика, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және робототехника» ББ бакалаврларын даярлаудың негізгі мақсаты: инновациялық педагогикалық идеяларды насихаттайтын, кәсіби саласы бойынша жүйелі білімге ие жоғары білікті, бәсекеге қабілетті информатика, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және робототехника мұғалімін дайындау.

### 1.3 Білім беру бағдарламасының міндеттері

- қоғамның әлеуметтік тапсырысы мен білім берудің әлемдік стандарттарына сәйкес болашақ информатика, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және робототехника мұғалімдерін сапалы кәсіптік даярлауды қамтамасыз ету;
- болашақ информатика, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және робототехника пәні мұғалімдерінің құзыреттіліктерін қалыптастыру: тіл, ақпараттық технологиялар, коммуникативтік, әлеуметтік, азаматтық, мәдени, зерттеу, тұлғалық, кәсіби (педагогикалық), оқу-тәрбие және арнайы (пәндік) құзыреттіліктер;
- дене бітімі, рухани және интеллектуалды өзін-өзі дамыту тәсілдерін меңгеру, психологиялық сауаттылықты, ойлау және мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру.

## **2 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША БАКАЛАВРДЫ ДАЙЫНДАУ БАҒЫТЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ:**

### **2.1 Кәсіби қызмет саласы**

6B01513 – «Информатика, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және робототехника» ББ бойынша білім бакалавры өзінің кәсіптік қызметін білім беру саласында жүзеге асырады.

### **2.2 Кәсіби қызмет объектілері**

6B01513 – «Информатика, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және робототехника» ББ бойынша білім бакалаврының кәсіби қызметінің объектілері болып табылады:

- меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, барлық үлгідегі және түрдегі орта білім беру ұйымдарындағы педагогикалық үдеріс;
- техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы педагогикалық үдеріс.

### **2.3 Кәсібилік қызметтің функциялары**

ҰБШ/СБШ 6.1 деңгейшесі мен «Педагог» кәсіби стандартына сәйкес 6B01513 – «Информатика, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және робототехника» білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврдың кәсіби қызметінің функциялары:

- оқыту;
- тәрбиелеу;
- әдістемелік;
- зерттеу;
- әлеуметтік-коммуникативтік.

### **3 КҮТІЛЕТІН ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ**

#### **3.1 Білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелері**

«Информатика, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және робототехника» ББ сәтті аяқтағаннан кейін бітіруші:

ОН1 – орта білім саласындағы цифрлық сауаттылық, информатика, математика, физика пәндерінің теориялық негіздерін біледі;

ОН2- компьютерлік жүйелердің архитектурасы, операциялық жүйелер, деректер қорын жинақтау мен талдау, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мобильді қосымшаларды құруда практикалық дағдыларын жүзеге асырады;

ОН3 - кәсіби стандарт талаптарына сәйкес меңгерген құзыреттіліктерін, информатика және робототехниканы оқыту әдістемесін, қолданбалы жоғары деңгейлі бағдарламалау тілдері арқылы олимпиадалық есептерді шешудің әдістерін, ШЖМ оқыту, критериалды бағалау технологияларын, жасанды интеллект негіздерін кәсіби саласында қолданады.

ОН4 - педагогика мен психологиядан алған білімдерін тұлғалық-бағдарлы, физиологиялық, құзыреттілік, инклюзивті тәсілдер қағидаттарын ескере отырып, білім алушыларды тәрбиелеу, дамыту, өмірі мен іс-әрекетін ұйымдастыру үшін қолданады.

ОН5 - ақпараттық және коммуникациялық технологияларды, цифрлық білім беру ресурстарын, компьютерлік желілер мен бұлтты технологиялардың құрылысы мен жұмыс істеу принциптерін, смарт-технологияларды, қашықтықтан оқыту технологияларын қолданады;

ОН6 - мектеп жасындағы балалардың мақсатты тілдердегі қарым-қатынасқа бейімделуі үшін жағдай жасайды;

ОН7 – роботтық жүйелердің нобайын жобалауда, 3D моделдеу принциптерін, мультимедиялық және виртуалды білімдік ресурстарды жобалауда оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын басқару, кәсіби салада зерттеу жүргізу дағдыларын көрсетеді;

ОН8 – білім беру жүйесінің даму тенденциялары, адал азамат құндылықтарын, экологиялық мәдениет, қаржылық сауаттылық және кәсіпкерлік қызметті жоспарлау мен ұйымдастыру негіздерін біледі.

#### 4 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

##### 4.1 6B01513 «Информатика, ақпараттық – коммуникациялық технологиялар және робототехника» білім беру бағдарламасының модульдерінің сипаттамасы

Модульдің атауы	Кредиттер саны	Құрамдас модульдердің атауы	Оқыту нәтижелері
1. Қоғамдық пәндер модулі	36	Қазақстанның қазіргі заман тарихы	ОН8
		Философия	ОН4
		Әлеуметтік-саяси білімдер модулі	ОН8
		Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	ОН5
		Дене шынықтыру	
		Экологиялық мәдениет	ОН8
		Адал азамат құндылықтары	ОН8
Кәсіпкерлік негіздері және қаржылық сауаттылық	ОН8		
2. Педагогтың кәсіби даярлығы модулі	19	Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы	ОН4
		Педагогика	ОН4,ОН5
		Білім берудегі психология	ОН4
		Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі	ОН4
		Оқу-танысу тәжірибесі	ОН4, ОН8
Педагогикалық-психологиялық тәжірибе	ОН4, ОН8		
3. Тілдік коммуникация модулі	20	Қазақ (орыс) тілі	ОН6
		Шет тілі	ОН6
4. Фундаментальды даярлық модулі	35	Компьютерлік жүйелердің архитектурасы және теориялық негіздері	ОН1, ОН2
		Python тілінде программалау негіздері	ОН3
		Дискретті математика	ОН1, ОН2
		Объектіге бағытталған бағдарламалау	ОН3
		Жасанды интеллект негіздері	ОН3
		Жоғары математика	ОН1
		Физика	ОН1
Физика есептерін шығару практикумы	ОН1		
5. Педагогикалық шеберлікті қалыптастыру модулі	49	Инклюзивті білім беру	ОН4
		Информатиканы оқыту әдістемесі	ОН3, ОН5
		Олимпиадалық есептерді шығару әдістемесі	ОН3



		Педагогикалық шеберлік	ОН3, ОН4
		Инклюзивті білім беру жағдайында информатика мен робототехниканы оқыту әдістемесі	ОН3, ОН4, ОН6
		Педагогикалық тәжірибе	ОН3, ОН4, ОН8
		Өндірістік тәжірибе	ОН3, ОН4, ОН8
6. Кәсіби даярлық модулі	47	Робототехника негіздері	ОН5, ОН7
		Ақпаратты қорғау және криптография	ОН1, ОН2
		Бастауыш мектепте цифрлық сауаттылық пәнін оқыту әдістемесі	ОН3, ОН7
		Білім берудегі смарт технологиялар	ОН3, ОН5
		Бұлттық технологиялар негіздері	ОН5
		Arduino платформасында бағдарламалау	ОН3, ОН7
		STEM оқыту	ОН3, ОН7
		Web бағдарламалау	ОН3, ОН5
		Виртуалды және кеңейтілген шындық	ОН5
		Операциялық жүйелер және бағдарламалық қамтамасыздандыру	ОН2
		Компьютерлік желілер және желілік технологиялар	ОН5
		Компьютерлік графика және 3D модельдеу	ОН7
7. Ғылыми-зерттеу жұмыстары модулі	13	Мәліметтер қоры және ақпараттық жүйелер	ОН1, ОН2
		Big Data технологиялары	ОН2
		Ғылыми-зерттеу жұмысы және академиялық жазылым	ОН7
8. Қорытынды мемлекеттік аттестаттау модулі	8	Информатика және робототехника бойынша жобалау қызметін ұйымдастыру әдістемесі	ОН7
		IT Startup жобалау	ОН5, ОН7
		Диплом алды тәжірибе	ОН7, ОН8
		Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру	ОН3, ОН7, ОН8

**4.2 Білім беру бағдарламасы элективті пәндер каталогы**  
**6B01513 «Информатика, ақпараттық – коммуникациялық технологиялар және робототехника» ББ**

№	Пән атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Кредиттер саны	Семестр	Пререквизиттер	Постреквизиттер
Жалпы білім беретін пәндер циклі ЖОО компоненті / таңдау компоненті						
1.	Экологиялық мәдениет	Экологиялық мәдениет курсы экологиялық сауаттылық және тіршілік қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес салауатты, қолайлы қоршаған ортаны қамтамасыз ету үшін экологиялық мәдениеттілікті дамыту жолдарын және тіршілік қауіпсіздігі негіздерін үйренуге бағытталған. Студенттер қоршаған ортаның өзара әрекеттесуін сыни тұрғыдан бағалайды, төтенше жағдайларда қорғанудың әдіс тәсілдерін меңгереді, экологиялық мәдениет дамыту үдерісін белсенді ұйымдастырады.	5	4	Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
	Адал азамат құндылықтары	Студенттердің бойында жалпы адамгершілік және ұлттық құндылықтар аясында адал азаматтың құндылықтарын қалыптастырады. Адалдықтың құндылығы мен азаматтық ұстанымды жүйелі білім арқылы меңгереді. Рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу контекстінде адал азаматты қоғам ортасында қалыптастыру мәселелері жүйеленеді. Білім алушылардың ішкі тұлғалық мәдениетін нығайту негіздерінің әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, адамгершілік-этикалық аспектілері талданады.			Мектеп курсы	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
	Кәсіпкерлік негіздері және қаржылық сауаттылық	Курс қазіргі нарықтық экономика жағдайында табысты кәсіпкерлік қызметке қажетті құзыреттерді дамытуға ықпал етеді. Студенттер оңтайлы экономикалық шешімдер қабылдауды үйренеді, кәсіпкерлік пен қаржының негізгі ұғымдары мен білімдерін меңгереді, қаржылық операцияларды жүргізуге қажетті дағдыларды дамытады. Студенттер қаржы институттарының (банктер, қор нарығы және т.б.) қызметін			Мектеп курсы	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі



		талдайды, қаржылық-экономикалық құбылыстарды (несие беру, инвестициялау және т.б.) жіктейді.				
Базалық пәндер циклі ЖОО компоненті						
1	Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы	Курс салауатты, жақсы және қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру мақсатында мектеп жасындағы балалардың денсаулығы мен дамуының физиологиялық ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған. Студенттер балалар мен жасөспірімдердің физиологиялық және гигиеналық ерекшеліктері, басқа физиологиялық функциялардың педагогикалық әсерге жауап беру ерекшеліктерін талдайды. Жоғары қатар, курсты оқу барысында студенттер мүшелерінің, мүшелер жүйесінің, жалпы организмнің сыртқы ортамен байланысты қызмет ерекшеліктерін салыстырады. Осыған байланысты студенттер оқу процесін ұтымды қамтамасыз ету, медициналық алдын алуды жүзеге асыруға бағытталған оқушының дамуы мен функционалдық мүмкіндіктерін арттыру әдістерін қолданылады.	3	2	Мектеп курсы	Педагогикалық шеберлік
2	Педагогика	Бұл курс педагогикаға ғылым ретінде шолу, оның диалектикалық, қарама-қайшылықты және әдіснамалық ерекшелігін ұсынады. Студенттер дүниетанымды, әлеуметтік және жеке маңызды педагогикалық мәселелерді талдайды, тұтас педагогикалық процестің заңдылықтары мен принциптері туралы сыни тұрғыдан ойластырады. Білім беруді цифрландыру жағдайында педагогика, киберпедагогика, киберкөністік және кибер әлеуметтендірудегі киберонтологиялық тәсілге ерекше назар аударылатын болады.	5	3	Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
3	Білім берудегі психология	«Педагогикалық психологиясы» курсы педагогикалық процесс және оқыту тұжырымдамаларына, білім беру психологиясының негізгі бағыттарына, түсініктері мен категорияларына шолу ұсынады. Студенттер оқу іс-әрекетінің құрылымын сыни тұрғыдан бағалауға және талдауға, педагогикалық іс-әрекеттің психологиялық заңдылықтары мен оқу-тәрбие процесінің әр түрлі кезеңдеріндегі педагогикалық әсерге шағылыстыруды үйренеді.	3	3	Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы	Психологиялық-педагогикалық тәжірибе

4	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі	Бұл курс болашақ мұғалімнің кәсіби дайындығының міндетті компоненті болып табылады. Бұл пәнді игеру студенттерге «Мәңгілік Ел» және «Рухани жаңғыру» ұлттық идеясына сәйкес мектеп оқушыларымен тәрбие жұмысын жүргізуге, жоспарлар мен конспекттер жасауға, сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға және өткізуге мүмкіндік береді. Курс студенттерге заманауи мектепте сынып жетекшісінің қызметін қайта қарауға мүмкіндік береді.	4	5	Педагогика	Педагогикалық тәжірибе
5	Оқу-танысу тәжірибесі	Оқушылар мектеп жұмысын ұйымдастырудың құрылымымен, негізгі принциптерімен, пән мұғалімінің қызметімен (нормативтік-құқықтық базасы, «Күнделік» электронды журналымен, критерийлерімен, қалыптастырушы және жиынтық бағалауымен, білім беру және жаңартылған білім беру мазмұны бойынша әдістемелік әдебиеттер және т.б.) танысады. Студенттер тәжірибеде алған білімдерін психологиялық-педагогикалық бағыттындағы пәндерді оқытуда белсенді қолданады. Олар сынып жетекшісінің қызметін қайта ойластыра алады (жобалау, ұйымдастыру, сынып жетекшісінің тәрбие жұмысын талдау).	2	2	Мектеп курсы	Педагогикалық тәжірибе
6	Педагогикалық-психологиялық тәжірибе	Студенттер ұжымының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін зерттеу процедурасын талдайды, олар сабаққа (тәрбиелік іс-шараға) психологиялық-педагогикалық талдау жүргізеді. Сонымен қатар, олар «Социометрия» кабинетін зерттеудің диагностикалық әдістерін және оқушылардың жетістіктерін диагностикалау әдістерін қолдана алады, студенттің жеке басының психологиялық-педагогикалық сипаттамаларын құрайды.	2	4	Білім берудегі психология	Педагогикалық тәжірибе
7	Компьютерлік жүйелердің архитектурасы және теориялық негіздері	Білім алушы компьютерлік техниканың даму тарихы, компьютер архитектурасы, ішкі құрылғылардың физикалық қасиеттерімен танысады; ақпараттың сандық көрінісі және компьютердің арифметикалық, логикалық, алгоритмдік негіздерін қолданады; микрокомпьютердің оқу моделі мен машиналық кодтау мен жоғары деңгейдегі тілдердің айырмашылықтарын бағалайды; компьютерді құрастыру және	5	1	Мектептегі информатика курсы	Дискретті математика

		жаңғырту, бағдарламалық жасақтаманы баптау жұмыстарын іс жүзінде шешуге дағдыланады.				
8	Python тілінде программалау негіздері	Білім алушылар Python тілінің құрылымын, тілдің мүмкіндіктерін, бағдарламалау ортасында алгоритмдер құру принциптерін сипаттайды; Python-ның басқару құрылымдарын, циклдерді, тізімдер, кортеждер, жиындар мен сөздіктерді игереді; Python-ның негізгі стандартты модульдерін, қолданбалы есептерді талдау, жобалау және бағдарламалау әдістерін, алгоритмдер мен бағдарламаны құрудың барлық кезеңдерінде дұрыс технологияны пайдаланады.	5	1	Компьютерлік жүйелердің архитектурасы және теориялық негіздері	Объектіге бағытталған бағдарламалау
9	Дискретті математика	Дискретті математика пәні “Информатика” ББ студенттері үшін іргелі пән. Бұл пәнді меңгеру арқылы студенттер компьютердің логикалық негіздерін толық түсінетін болады, күрделі алгоритмдер құру, бағдарламалау барысында кездесетін қиындықтарды шешеді. Жиындар теориясы, предикаттар, күрделі графтар, Эйлер тізбектерін біледі, кодтау, криптография және логикалық желілермен жұмыс жасайды.	5	2	Мектептегі математика курсы	Жоғары математика
10	Объектіге бағытталған бағдарламалау	Бұл курста Python тілінің күрделі құрылымдарын зерттеуді сипаттайды, көптеген мәселелерді шешуге жарамды - деректерді талдаудан бастап жаңа бағдарламалық өнімдерді жасау және мәліметтер базасымен жұмыс істеу әдістерін игереді. SQLite дерекқорын пайдалану негіздерін зерттейді және ақпаратты сақтау үшін жергілікті дерекқорды қолданатын қосымшалармен жұмыс жасай алады.	6	3	Python тілінде бағдарламалау	Web бағдарламалау
11	Жасанды интеллект негіздері	Пәнді игеру нәтижесінде білім алушылар жасанды интеллект саласындағы жұмыстың негізгі бағыттары мен жасанды интеллектке арналған бағдарламалау тілінің синтаксисі мен жұмыс жасау принципін сипаттайды; білімді көрсету модельдерін және сараптамалық жүйені құру кезеңдерін талдайды; кез-келген бағдарламалау тілін қолдана отырып, сараптамалық жүйені құруды қолданады.	6	4	Объектіге бағытталған бағдарламалау	Arduino платформасында бағдарламалау STEM оқыту
12	Жоғары математика	Білім алушы математиканың негізгі ұғымдары, ережелері мен әдістерін сипаттайды; математикалық білім жүйесіндегі қазіргі	5	4	Дискретті математика	Физика Физика есептерін

		заманғы математиканың рөлін анықтайды; анықтамалар мен теоремаларға тұжырымдамалар жасайды; математиканың әртүрлі бөлімдерінің тәжірибелік сипаттағы есептерін шешу дағдысы қалыптасады; алған білімдерін математиканың басқа салаларында пайдаланады; есептер шығару барысында ойды жүйелеп, оның жүйелілігін арттыруға қажетті әдістерді қолданады.				шығару практикумы
13	Робототехника негіздері	Бұл пәнді меңгеру нәтижесінде студенттер робототехниканың даму тарихы мен қазіргі уақыттағы қолданылу салаларын игереді. Сонымен қатар Mindstorms NXT, Arduino, Fischertechnik платформаларында түрлі конструкциялар құрастырады, ардуино бағдарламалау, Mblock және басқа робототехника бағдарламалау жабдықтарымен жұмыс жасайды.	5	4	Объектіге бағытталған бағдарламалау	Arduino платформасында бағдарламалау  STEM оқыту
14	Ақпаратты қорғау және криптография	Білім алушы кодтау тарихы және алғашқы қадамы, кодтау және декодтау, абстрактілі алфавит, цифрлық автоматтар теориясы және компьютердің логикалық негіздерін сипаттайды. Курс аяқталғаннан кейін студент криптографиялық, шифрлау және дешифрлау әдістерін пайдаланып берілген альфавиттер, мәтіндерді, цифрларды Морзе әліппесі, Цезарь коды және әліппелік кодтауда кодтайды және декодтайды.	5	3	Компьютерлік жүйелердің архитектурасы және теориялық негіздері	Компьютерлік желілер және желілік технологиялар, Бұлттық технологиялар негіздері
15	Бастауыш мектептегі цифрлық сауаттылық пәнін оқыту әдістемесі	Білім алушылар оқу мен күнделікті өмірде есептей білу, робототехника, базалық білім, заманауи ақпараттық технологиялармен жұмыс жасауды іс тәжірибе түрінде тиімді қолдану әдістемесін біледі. бастауыш сынып оқушыларының бойында бағдарламалау, іздеу, жинақтау, өңдеу, ақпараттарды сақтау және тарату, байланыс, ақпарат алмасу және ынтымақтастық үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, авторлық құқықтарды құрметтеу дағдыларын дамытады.	6	5	Робототехника негіздері	Arduino платформасында бағдарламалау STEM оқыту
16	Білім берудегі смарт технологиялар	Білім беруде SMART технологияларды пайдалану, қоғамның элеуметтік жағдайларында электрондық оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологияларын пайдалану, оқу процесінде	5	6	Робототехника негіздері	Виртуалды және кеңейтілген шындық

		қашықтықтан және желілік технологияларды енгізу тәжірибесі мен мүмкіндіктерін игереді. Білім беру процесі субъектілерінің қажеттіліктеріне сәйкес ақпараттық ресурстарды құру және пайдалану, сондай-ақ кәсіби құзыреттерді игеру дағдаларын қолданады.				Операциялық жүйелер және бағдарламалық камтамасыздандыру
17	Бұлттық технологиялар негіздері	Пәнді оқыту барысында бұлтты технологияның негізгі ұғымдары мен терминологиясымен, бұлтты технологияларды қолдану салаларымен, бұлтты есептеу инфрақұрылымымен танысады. Оқыту нәтижесінде бұлтты инфрақұрылым контекстінде қауіпсіздік, масштабтау, орналастыру, резервті көшірме жасау мәселелерін қарастырып қана қоймай, бұлттарда қолданылатын қосымшаларды әзірлеу және қолдау үшін жүйелік басқару дағдыларын игереді.	5	6	Жасанды интеллект негіздері	Компьютерлік желілер және желілік технологиялар
18	Web бағдарламалау	Білім алушылар интернет-сайттарды толық дамыту үшін жеткілікті болатын веб-негіздерді игереді; HTML веб-бетті белгілеу және стильдердің каскадты кестелері (CSS), сайттардың клиенттік бөлігін JavaScript-те бағдарламалайды; сайттардың серверлік бөлігін PHP-де бағдарламалау, MySQL дерекқорды басқару жүйесін пайдаланады.	6	8	Объектіге бағытталған бағдарламалау	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
19	Компьютерлік желілер және желілік технологиялар	Білім алушылар компьютерлік желілердің, олардың құрылымдарының, функцияларының, хаттамаларының, іске асыруларының негіздерін игереді; компьютерлік желілердің тағайындалуы, жіктелуі, ұйымдастырылуы, домендік атаулар жүйесі, интернет желісіне қол жеткізу үшін шлюзді пайдаланады; веб-беттерді беру кезінде браузер мен интернет серверінің ерекшелігін, желі бойынша пакеттік деректерді беру принципін, желідегі жұмыс кезіндегі қауіпсіздік шараларын зерттейді.	6	8	Бұлттық технологиялар негіздері	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
20	Компьютерлік графика және 3D модельдеу	Пәнді оқу барысында графиканың негізгі функцияларымен, анықтамасы, қолдану аясымен танысады. Компьютерлік графиканы, векторлық графиканы, растрлық графиканы қолданып үйренеді. Векторлық кескіндерді жасау, векторлық кескіндерді құрып өңдейді. Пәнді оқуы нәтижесінде Blender, Sweet Home 3D, Scultris, SketchUp Make, nanoCad free және т.б. бағдарламалармен жұмыс жасайды.	5	4	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Web бағдарламалау

21	Ғылыми-зерттеу жұмысы және академиялық жазылым	Білім алушы академиялық жазбада мәліметтерді ұсыну принциптері мен әдістерін сипаттайды; ғылыми мақалалар мен ғылыми еңбектер жазу әрекеттерінің алгоритмін, мақсат пен міндеттерді қою, зерттеу әдістерін сипаттауды қолданады; статистикалық ақпаратты, графиктер мен диаграммаларды сипаттау, зерттеу қорытындыларын тұжырымдау, ғылыми әдебиеттерді жинақтау, дереккөздерге сілтеме құруды жасайды.	5	5	Ақпараттық коммуникациялық технологиялар	Информатика және робототехника бойынша жобалау қызметін ұйымдастыру IT Startup жобалау
22	Диплом алды тәжірибе	Дипломдық жұмыс жетекшісінің басшылығымен жұмыстың мазмұнын, кіріспе бөлімін, негізгі бөлімін, қорытындысын, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшаларын талапқа сай рәсімдейді. Бекітілген бұйрық негізінде сын-пікір, пікірлерді жинақтап, дипломдық жұмысты антиплагиаттан өткізіп, анықтама алады. Нормативтік бақылау парағының талабына сай тексеруге ұсынады.	2	8	Өндірістік тәжірибе	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
Базалық пәндер циклі Таңдау компоненті						
1	Физика	Білім алушы физиканың іргелі заңдарын, классикалық теорияларын, физикалық идеяларды дұрыс сипаттайды; есептерді талдап шығаруда заңдылықтарды қолданады; физикалық аспаптарды қолданып өлшеулер жүргізеді; алынған нәтижелерді өңдеп саралайды; физика пәнінің әртүрлі салаларына қатысты теориялық және эксперименталдық оқу мәселелерді шешуге дағдыланады; оқу әдістемелік және анықтамалық әдебиеттерді пайдаланады.	5	5	Мектептегі физика курсы	Arduino платформасында бағдарламалау STEM оқыту
	Физика есептерін шығару практикумы	Білім алушы шығармашылық, суреттік, графиктік, кестелік есептерді анықтайды; физика есептерін шығарудың ортақ амалдарын табу арқылы уақытты ұтымды пайдаланады; есеп шартының талапқа сай жазылуын, формулалар мен сызбалардың дұрыс қолданады; тізбек арқылы есептеулердің жүргізу алгоритімдерін сипаттайды.			Мектептегі физика курсы	Arduino платформасында бағдарламалау STEM оқыту
2	Arduino платформасында бағдарламалау	Пәнді оқыту барысында робототехникадағы заманауи платформалар, датчиктер мен қозғалтқыштарды бағдарламалау тәсілдерін сипаттайды; бағдарламалау үшін Arduino IDE	6	8	Робототехника негіздері	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау



		ортасын қолданады;. оқыту нәтижесінде алгоритмдерді әзірлеу және роботты басқару бағдарламаларын жасау негіздерімен, есептеу техникасы құралдарымен модельдерді арқылы жұмыс жасайды.				немесе кешенді емтихан тапсыру
	STEM оқыту	Білім алушылар орта мектепте STEM–оқытудың біріктірілген тәсілі туралы, оқытудың мақсатын, міндеттерін, пәнді енгізу мәселелері мен STEM білім беруді ұйымдастырудың негізгі тәсілдерін ажыратады. STEM бағыты бойынша алған теориялық білімін іс жүзінде тәжірибеде қолданады.			Робототехника негіздері	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
3	Виртуалды және кеңейтілген шындық	Білім алушылар виртуалды және кеңейтілген шындық жүйелерін қолдану саласы, жүйелерді дамытудың негізгі ұғымдары, принциптері мен құралдарын игереді. Алған білімдерін VR жүйелерін жобалау кезінде қолданады. Оқыту нәтижесінде VR/AR даму ортасына 3D модельдерін импорттау, виртуалды және кеңейтілген шындық қосымшаларын әзірлеудің тиімді алгоритмдерін, виртуалды және кеңейтілген шындық қосымшаларын жасау және құру құралдарын қолданады.	6	8	Робототехника негіздері	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
	Операциялық жүйелер және бағдарламалық қамтамасыздандыру	Білім алушы компьютер құрылысында операциялық жүйелердің даму бағыттары мен жіктелуін сипаттайды; жүйенің және пайдаланушы процестерінің жұмыс істеу принциптерін біледі; үрдістерді басқару және ұйымдастыру, сигналдар өңдеу жабдықтары, есепті көп процессорлық шешуді басқару тәсілдері, жүйелері, енгізу шығаруды басқаруды, заманауи операциялық жүйелер мен қабықшаларды, функционалдық және сервистік бағдарламаларды қолданады.			Компьютерлік жүйелердің архитектурасы және теориялық негіздері	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
Кәсіптік пәндер циклі ЖОО компоненті						
1	Инклюзивті білім беру	Бұл курс қазіргі әлемдегі инклюзивті білім беруге шолу жасап ұсынады. Студенттер «инклюзия» ұғымын ажырата алады, арнайы білім беруді реформалау мәселесін аша алады, ұлттық арнайы білім беру жүйесінің қалыптасуы мен даму тарихын қарастырады, балаларды интеграциялау модельдерін талдайды және салыстыра алады, мүмкіндігі шектеулі, инклюзивті білім	5	5	Педагогика	Педагогикалық тәжірибе



		беруді басқарудың құқықтық және этикалық негіздерін түсіндіреді.				
2	Информатиканы оқыту әдістемесі	Бұл курста - ҚР Білім беру саласындағы нормативтік актілерін, мектептегі іс жүргізу әдістерін, бағалаудың негізгі тәсілдерін біледі, информатикадан сыныптық және сыныптан тыс сабақтарын жоспарлап, ұйымдастырып, өзіндік талдаулар жүргізе алады, қазіргі АКТ құралдарын қолдана алады.	6	5	Компьютерлік жүйелердің архитектурасы және теориялық негіздері	Педагогикалық тәжірибе
3	Олимпиадалық есептерді шығару әдістемесі	Деректер құрылымдарымен жұмыс істеу алгоритмдері, графиктердегі алгоритмдер, іріктеу және динамикалық бағдарламалауды ұйымдастыру алгоритмдері, бүтін арифметика алгоритмдері, ойын теориясының алгоритмдері, компьютерлік геометрия алгоритмдерін біледі; бағдарламалау бойынша олимпиадалық есептерді шешу дағдыларын көрсетеді; алған білімдерін кәсіби саласында оқу-практикалық қызметіндегі мәселелерді зерттеу және шешу үшін қолданады.	6	6	Объектіге бағытталған бағдарламалау	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
4	Педагогикалық шеберлік	Бұл курс студенттерде қалыптастырады: мұғалімнің кәсіби қызметінің тұтас құрылымы, оның жеке басы туралы, кәсіби-педагогикалық шеберліктің мәні, мазмұны және ерекшелігі туралы; Педагогикалық шеберлік негіздерінің құрылымдық құрамдас бөліктері: педагогикалық қабілеттер, педагогикалық техника және педагогикалық ықпал ету құралдары, театр педагогикасы мен шешендік өнер элементтері туралы білімді. Педагогикалық қызметті педагогикалық және азаматтық сананы дамыту, студенттердің шығармашылық және жеке өсуінің шарты ретінде түсіну және қабылдау. Сондай-ақ, бұл курс мектепке дейінгі және орта білім беру жүйесінде өзінің кәсіби өсуі мен жеке дамуының траекториясын жобалаудың педагогикалық техникасы мен дағдыларын практикалық игеруге ықпал етеді.	4	6	Педагогика	Өндірістік тәжірибе
5	Инклюзивті білім беру жағдайында информатика мен робототехниканы оқыту әдістемесі	Білім алушылар ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқытуда маңызды бағыттар мен тұжырымдарды түсінеді; инклюзивті білім беру шеңберінде әртүрлі қабілеттері мен қажеттіліктері бар балаларға компьютермен жұмыс істеудің және бағдарламалауды оқытудың, робототехниканың негізгі	5	6	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Орта мектепте информатика пәнінен оқушылардың ғылыми-зерттеу

		принциптерін игереді. Мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиялық– педагогикалық зерттеулер нәтижелері мен әдістерін талдау үрдісін зерттейді.				жұмыстарын ұйымдастыру
6	Педагогикалық тәжірибе	Педагогикалық тәжірибеден өткен студент жоғары оқу орнында алған теориялық білімдерін тереңдетіп бекітеді, алған білімдерін іс-жүзінде, оқушылардың оқу-тәрбие жұмыстарын бақылауда және талдауда біліктіліктерін, іскерліктерін көрсетеді; психология және педагогика ілімдеріне сүйене отырып - жас және жеке тұлға ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізуді үйренеді, оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендіретін әр түрлі оқыту әдістерін пайдалана отырып информатика сабақтарын өткізеді.	6	6	Психологиялық- педагогикалық тәжірибе	Өндірістік тәжірибе
7	Өндірістік тәжірибе	Өндірістік тәжірибеден өткен студенттер мамандықтың оқу процесінде алынған білімді, ептілікті, дағдыны өндірістік тәжірибеде пайдаланады, яғни білім беру мекемесінің негізгі міндеттері мен бағыттарын біледі, білім беру мекемелері басшыларымен және педагогикалық ұжымымен жұмыс жасай алады, информатика бойынша ҰМЖ, ОМЖ, ҚМЖ үлгілерін зерттеп жасайды, информатика бойынша сабақтар өткізеді, сабақтан тыс кезеңіндегі тәрбие жұмысы жоспарын құрады, өзіндік тәрбие тәжірибесін іс-шараларын ұйымдастырады.	15	7	Педагогикалық тәжірибе	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
Кәсіптік пәндер циклі Таңдау компоненті						
1	Мәліметтер қоры және ақпараттық жүйелер	Бұл курста мәліметтер қорының объект, нысан, параметр, атрибут, триггер, ереже, шектеу, сақталатын процедура, сілтеме тұтастығы, нормалау, бастапқы, балама және сыртқы кілттер сияқты негізгі ұғымдарын сипаттайды; мәліметтер қорының, деректер үлгілерінің түрлері, реляциялық деректер қорын жобалаудың және құрудың негізгі принциптері мен MS SQL деректер қорын бағдарламалау негіздерін игереді; ақпараттық жүйелерді өңдеудің әдістемесі мен технологиясын қолданады.	5	3	Python тілінде программалау негіздері	Педагогикалық тәжірибе
	Big Data технологиялары	Бұл курста үлкен құрылымдалмаған және әлсіз құрылымдалған мәліметтермен, технологиялармен және деректерді			Python тілінде программалау	Педагогикалық тәжірибе

		манипуляциялау тілдерін сипаттайды; үлкен деректерді талдау әдістері мен құралдарымен, оның ішінде бөлінген жүйелер мен қазіргі заманғы сұраныстар тілдерін пайдаланумен жұмыс істеу ерекшеліктерін игереді; деректер базасын ұйымдастыру және баптау, қолданбалы міндеттерді шешу үшін ДББЖ таңдау, АЖ құру жобаларында деректер базасын пайдалануды қолданады.			негіздері	
2	Информатика және робототехника бойынша жобалау қызметін ұйымдастыру	Бұл курста информатика және робототехника бойынша жобалау қызметінің негіздері, ұйымдастыру жолдарымен танысады; жобалау технологиялары, жобаларды енгізу және тиімді басқару, бастапқы деректерді жинау әдістері және жобалау әдістері, жобаларды зерттеуді жүргізу әдістерін қолданады; информатика және робототехника бойынша жобаны іске асырудың әрбір кезеңінде мақсаттар мен міндеттерді қою, ғылыми әдістерді меңгеру; әдістемені зерттеу; баяндамаларды дайындау іздеу мәселелерін шеше алады.	6	8	Ғылыми-зерттеу жұмысы және академиялық жазылым	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру
	IT Startup жобалау	Бұл курста ақпараттық технологиялар саласындағы жобаларды іске қосу және басқару негіздерін игереді; білім алушылар жобаларды жоспарлау, әзірлеу және масштабтау әдістерін, сондай-ақ ресурстарды басқару мен коммуникацияны қоса алғанда, стартап ортасында жұмыс істеудің негізгі принциптерін үйренеді.			Ғылыми-зерттеу жұмысы және академиялық жазылым	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру

**4.3 6В01513 «Информатика, ақпараттық – коммуникациялық технологиялар және робототехника» білім беру бағдарламасының модульдері бойынша игерілген несиелер көлемінің жиынтық кестесі**

Оқу курсы	Семестр	Менгеретін пәндер саны	Оқытылатын пәндер саны			Кредиттер саны							Саны		
			МК	ЖК	ТК	Теориялық оқу	Оқу-тану тәжірибесі	Психологиялық-педагогикалық тәжірибе	Педагогикалық тәжірибе	Өндірістік тәжірибе	Диплом алды тәжірибе	Қорығынды аттестаттау	Барлығы ECTS	Емтихан	Сынақ
1	1	6	5	1		31							31	5	1
	2	8	5	3		29	2						31	7	1
2	3	7	2	4	1	31							31	6	1
	4	5	1	4		26		2					30	4	1
3	5	6		5	1	30							31	6	
	6	5		5		25			6				31	5	
4	7	-				-				15			15	1	
	8	5		2	3	30							30	5	
		-					-				2	8	10	2	
Барлығы		43	13	24	5	202	2	2	6	15	2	8	240	39	4



## 5. ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Бакалавр даярлауда оқу нәтижелерін бағалау және бақылаудың әр түрлі формалары қолданылады: **ағымдық бақылау** (сұрақ, тестілеу, бақылау жұмыстары, курстық жұмыстарды қорғау, дискуссия, тренинг, коллоквиум), аралық бақылау (оқу пәнінің бөлімдері бойынша тестілеу, емтихан, тәжірибе бойынша есеп қорғау), **қорытынды мемлекеттік аттестация** (диплом жұмысын қорғау, кешенді емтихан).

### Бағалау жүйесінің кестесі

Әріптік жүйе бойынша баға	Балдардың сандық баламасы	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау	ECTS бойынша баға	Анықтамасы
A	4,0	95-100	Өте жақсы	A	Үздік көрсеткіштер, үздік білім мен дағдылар
A-	3,67	90-94			
B+	3,33	85-89	Жақсы	B	Жоғары көрсеткіштер, жақсы білім мен дағдылар
B	3,0	80-84	Жақсы	C	Білім және дағды ортадан жоғары көрсеткіштер
B-	2,67	75-79			
C+	2,33	70-74	Жақсы	D	Білім мен дағдылар орташа, елеулі емес қателер бар көрсеткіштер
C	2,0	65-69			
C-	1,67	60-64			
D+	1,33	55-59	Қанағаттанарлық	E	Білім мен дағдылар ең төменгі өлшемдерді қанағаттандырады
D	1,0	50-54	Қанағаттанарлық		
F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз	FX, F	Білім мен дағдылар ең төменгі өлшемдерді қанағаттандырмайды

## 1 ОБЩАЯ ИНФОРМАЦИЯ

**Цикл программы:** Первый цикл: бакалавриат, 6 уровень НРК / ОСК

**Присуждаемая степень:** Бакалавр

**Общий объем кредитов:** 240 ECTS

**Срок обучения:** 4 года

### 1.1 Область применения

Образовательная программа 6В01513 – «Информатика, информационно-коммуникационные технологии и робототехника» разработана в соответствии с ГОСО высшего образования, классификатором направлений подготовки кадров с высшим и послевузовским образованием, национальной рамкой квалификаций, отраслевой рамкой квалификаций, профессиональным стандартом «Педагог», Дублинскими дескрипторами.

Требования к зачислению обучающихся на образовательную программу определены типовыми правилами приема на обучение в организации образования, реализующие образовательные программы высшего образования.

Кандидаты, поступающие на образовательную программу, проходят Единое национальное тестирование (ЕНТ).

Поступив на образовательную программу, студент получает возможность выбора дополнительной траектории.

По направлению 7М0..... есть возможность продолжить обучение в магистратуре.

